

## ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА В ПОТОКЕ ИСТОРИИ

ӘОЖ 8.81

*Есіркепова, К.К.,  
филология ғылымдарының кандидаты,  
тіл және әдебиет теориясы кафедрасының  
қауымдастырылған профессоры*  
*Кенжебай, Л.А.,  
Бекетаева, А.А.,  
Миранбек, Д.Д.,  
Қазақ тілі мен әдебиеті  
оқу бағдарламасының 2 курс студенттері  
А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ  
Қостанай, Қазақстан*

### ӘЗІЛХАН НҰРШАЙЫҚОВТЫҢ «МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР» РОМАНЫНДАҒЫ АНТОНИМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІГІ

#### Түйін

*Мақалада антонимдердің шығу тәркіні, түрлері зерттеуші ғалымдардың айтып кеткен ой-пікірлері жайлы сөз қозғалады. Сондай-ақ Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романындағы антонимдердің стильдік қызметі талдауға түседі.*

*Кілт сөздер: антоним, зат есімге тән антонимдер, кереғар, стиль, мағына.*

#### 1. Кіріспе

Зерттеуші ғалымдар Ә.Болғанбаев пен Ғ.Қалиев «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» еңбегінде: Антонимдер өмірдегі барлық нәрсенің сапасын, артық-кемін, үлкен-кішілігін салыстырып, кереғар етуінен шығады. Мысалы: биік-аласа, үлкен-кіші.

Антоним дегеніміз – бір-бірімен мағыналары кереғар сөздер болып келеді. Антонимдер өзара қарсылық ұғымды білдіретін болғандықтан, бұлардың сөз таптарына қатынасы бірдей бола бермейді. Сөз таптарының бірі антонимге көп те, біреулері аз, тіпті жоқ болуы да ықтимал. Тілімізде бұл сөздер көбінесе сын есімдерден болып келеді, одан кейін етістік, зат есім, үстеулерден кездеседі. Антонимдерді қолданудың неізінен төрт жолы бар:

1. Өзара бір сөйлемнің ішінде антонимдер теңестіріліп айтылады. Мәселен: Қорлық ғұмырдан ерлік ажал артық.

2. Іргелес сөйлемде кереғар болып шендестіріледі. Мәселен: Батыр бір рет өледі, су жүрек мың рет өледі.

3. Антонимдер қолайласып, алмасу арқылы жұмыс атқарады. Мәселен: Арымақ, семір-мек көңілден.

4. Фразеологизмдер тура сөйлемдерде бір-біріне кереғар келіп, антонимдік қатынаста бола алады. Мәселен: құл жүйрік-тіл қысқа, жат жер-туған жер.

Ана тіліміздегі антонимдерді реттестіру жайлы екі түрлі пікір қалыптасқан: біріншісі – түсініктердің қандай да бір логикалық қатарындағы кереғар ұғымдарына құрылған тіл бірліктерінің қарама-қарсылықты мәнді сипаттайтын антонимдік жұптар есебінен тоқтайтын ғалым Ж.Мусиннің пікірі бойынша, екіншісі, антонимдердің логикалық, грамматикалық, психолингвистикалық түсініктерге құрылған универсалды ұғым ретінде санайтын ғалым А.Жұмабекованың ой-пікірін айтуымызға болады. Бұл ғалымның айтуы бойынша, осы уақытқа дейін тіл бірліктерінің кереғарлығы ғана антонимдік жұп жасауға себепші болып келген, ал

енді логикалық, психологиялық, тілдің ұғымдарды кең ауқымда кешенді бағытта зерттеуші С.Трубецкой жасаған оппозиция әдісі тарапынан реттеу қажеттігін айтады [1].

Бүгінгі уақытқа дейін қазақ тілімізде антонимдердің шығу төркіні, қалыптасу жағдайына қатысты ауыз толтырып айтарлықтай еңбектердің ішінен айрықша аталатын Ж.Мусиннің «Қазақ тілінің антонимдер сөздігі» еңбегі. Тіліміздегі антонимдерді реттестіру жайлы қандай да бір логикалық қатардағы кереғар ұғымды анықтайтын жұптар деп топтасырып, айқын тілдік деректер есебінен талдау жүргізіп, құнды ой-пікірлер айтады. Бұл еңбегінде, антонимдерге түрлі тараптағы мәліметтер берілген:

1. Әдеттегідей мағыналары бір-біріне кереғар сөздер антоним болып табылады.
2. Антонимдік мағына сапалық мәндерге тиесілі болып келеді деген пікірлер көп кездеседі.
3. Антоним сөздердің кереғар типті мәні, олар бір сөйлемнің ішінде қатар көрініс тапқанда анық аңғарылады.

Тіл көркемдігін арттыру мақсатында антонимдердің қызметі орасан зор. Сол себептен де антонимдер сонау халық ауыз әдебиетінен бастау алып осы замандағы әрбір ақиық ақын, жазушы еңбектерінде ауқымды болып келеді. Антоним сөздерді тіпті ғибратты сөздерден, мақал-мәтелдерден көптеп кездестіре аламыз [2].

Зерттеуші Ж.Асқардың «Қазіргі қазақ тіліндегі қарама-қарсылықтың коннекторлары» еңбегінде: Тілімізде антоним сөздердің барына әлдекім дау айтып, күмән келтірмейді. Алайда антонимия құбылысын растамауға талаптанған. (М.Лесник, Э.Сэпир) секілді зерттеушілер де болған. Дегенмен мағына қарама-қарсылығы деген ұғымды қалай түсінеміз. Ана тіліміздегі әрбір сөздерге антоним бола береді ме сынды жағдаяттар зерттеушілерді ой елегінен өткізгендері де рас. XX ғасырдың бастапқы уақытта «Антоним» сынды ұғым жеке сөз ретінде ауқымды түрде қолданыс таппаған. Сонымен қатар кей сөздердің ішінде де көрінісі байқалмаған. Антонимдер жайлы құнды мақалалар мен ой-пікірлер XX ғасырдың 50-шы жылдарында жарыққа шыға бастаған болатын. Мысалы М.Д. Лесник, В.Н. Ключева, Л.Ю. Максимова т.б. XX ғасырдың алпысыншы жылдарының бас кезінде антонимия тек қана көршілес орыс тілінде болмай, басқа да тілдердің материалдары есебінен зерттеле бастады [3].

Зерттеуші ғалым К.Қ. Есіркепова «1960-1980 жылдардағы әйел-ақындар поэзиясының тілі (Ф.Оңғарсынова, М.Айтқожина, А.Бақтыгереева, К.Ахметова шығармалары негізінде)» сынды еңбегінде антонимдерді былайша сипаттайды: «антоним сөздердің көркем әдебиеттегі алатын орны да, атқаратын қызметі де өзгеше. Себебі тіліміздегі осы сынды тараптағы сөздерді ақын-жазушылар бір-бірімен кереғар қойып, шығарма тілінің әсерлілігін шындай түскен» деп айтады. Осы өмірдегі бұйым мен құбылыстардың заттың сапасын, қадірін, көлемін теңестіріп және кереғар қою, өмір мен ажал, қайырымдылық мен жағымсыздық, ақыл мен ақылсыздық секілді қарама-қарсы түсініктерді айқындау арқылы философиялық ой пікірін, тіршілікке деген тұжырымы ақындар өздерінің өлеңдерінде антонимдерді жүзеге асыру арқылы, атап айтқанда контрасты суреттерді сипаттауда көптеп қолданылады [4].

## **2. Материалдар мен әдістер**

Бұл мақаланы жазу барысында жалпы теориялық әдіс қолданылды. Атап айтқанда, зерттеуші ғалымдардың еңбектеріндегі антоним жайлы ой-пікірлері, ғылыми тұрғыдан зерттелуі қарастырылды. Мақалаға қажетті материалдар жинақталып, бір жүйеге келтірілді. Салыстыру әдісі арқылы антонимдердің қолдану аясының кеңдігі мен әртүрлілігі ажыратылды. Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романында қолданылған антонимдер этнолингвистикалық сипаты жағынан талданды.

## **3. Нәтижелер мен талқылау**

Жазушы Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романындағы антонимдер қолданысы, зат есімге тән антонимдер:

1. Ең ақырғы жігерлік бұрыңғысынан да мықтыраққа айналды да, өлім мен өмірдің арпалысындай соғыста біз жеңіп шықтық [5].

«Өмір» және «өлім» антонимдері зат есімге қатысты болып келеді. Өлім – бұл белгілі бір тірі ағзаның өмірінің соңы, яғни тоқтауы болса, өмір – сол уақыттың жалғасуы. Жазушы

бұл сөйлемде екі қарама-қарсы антоним сөздерді ұтымды пайдаланды. Себебі өмір болғаннан кейін өлімнің де болатыны хақ екенін айқын көрсетіп тұр.

2. Жол ортасына бейнелеген «Сын есім» деген сөзден басқа ештеңе таппай, бас жағын көре алмағандықтан, аяқ жағын басқа бетке жазды деп ойлаған шығар [5].

3. Қазір мен осы өмірдің тозағынан кетіп, пейішке келіп тұрған сияқтымын [5]. Ербол Меңтайдың қасына жақындаған сайын ол өзін бейне бір пейіште жүргендей сезінеді.

4. 9май күні батыста немістің фашистері жеңілді, 3 сентябрьде шығыста жапондар жеңіліп, қолдарын көтерді [5].

5. Жолда кездесе қалған көптеген село, көп қаланың біріне тоқтамай әркім өз ауылына, өздерінің үйіне жетуге асықты [5].

6. Осындай неше түрлі алуан ойларды ойлап, таң атқанша тыным таппай шыққан ол түн өмірімдегі ең ауыр күндерімнің бірі болды [5]. «Таң» мен «түн» – зат есімнен жасалған антонимдік қатар, яғни қарама-қарсы уақытты көрсетеді. Таң-күн шыққан кез болса, түн күн батқан уақытты білдіреді. Автор бұл сөйлемде антонимдердің қатар қолдану арқылы басты кейіпкердің мазасыз күндерін өткізгенін аңғаруға болады.

7. Әке не шеше, не тіпті туысқандарыңыз бар шығар [5].

8. Алайда Пенелопа күндіз өрген өрмегінің жібін өзі үнемі түнде тарқатады [5].

9. Пенелопаның атасына жасап бергісі келіп, күндіз-түні сонымен айналысып жатқаны, Құртқаның тұлпарды мәпелеп, бабын тауып өсіруі біршама еңбекті керек етпейді ме деймін [5].

10. Ербол менің туған бауырым Жүніске қатты ұқсайсыз, – деді Меңтай шайын алып отырып, – біздер бір әке, бір шешеден Жүніс екеуіміз ғана едік [5]. Бұл сөйлемде автор «әке» және «шеше» яғни, бір-біріне қарама-қарсы антоним сөздерді қолданған. Себебі, әке – ер азамат, шеше – әйел адам. Бір әке, бір шешеден туған, яғни бір туған деген мағынаны беріп тұр. Бұл сөз сөйлемде қарама-қарсы мағынаны білдірсе де, біртұтас мағынаны көрсетіп тұр. Автор бұл жерде бауырлар ұғымын көрсету мақсатында зат есімге тән антоним сөздерді, яғни «әке-шеше» антонимін шебер қолдана білген.

Үстеуге тән антонимдер:

1. Маған қатты ұнайтыны қыздардың күлкісі. Себебі ол немістердің бізге алды-артымыздан атып жатқан зиян бомбалары емес [5].

2. Не істесекте, ары аунадық, бері аунадық – бомбалар атылмады [5].

3. Жертөлеге келіп, ішіне аяқ басқанымда сырт жақтан бомба атылмады, сөйтсе оның кейінірек атылатын снаряд екенін мен сол кезде ұқтым [5].

4. Ол қыз менің көзімше қысқа костюммен алды-артын көрсетіп жүруге ұялған сияқтанды [5]. Автор бұл сөйлемде қыз баланың ұяндығын, ер адамның көзінше өзін қысқа киіммен ыңғайсыз сезінгенін суреттейді. Осы арқылы кейіпкердің мінез-құлқын, бейнесін айқын көрсетеді. Үстеуге тән «алды-арты» антонимі бұл сөйлемнің мағынасын тереңдетіп, одан сайын жандандыра түскен.

5. Сол кітаптың ішіне кіріп тұтқаны әне кілттеймін деп, міне кілттеймін осылай жүріп ұмытып кеткенмін [5]. Автор бұл жерде басты кейіпкердің білімге құштар әрі ізденімпаз екендігін, яғни Ерболдың кітапқа қызыққаны соншалық, жасап жатқан іс-әрекетін ұмытып кеткенін көрсетіп тұр. Осы сөйлемді көркейту мақсатымен «әне-міне» үстеуге тән антонимдерді қолданған.

6. Кейіннен орнымнан тұра сала, Меңтай шифонерінің есік жағында сыртындағы ілгішке ілінген қасқырдың терісіндей киімнің ішкі қалташасынан ылғал өткізбейтін жылтыр қағазға қапталған хаттарды қолыма алдым [5].

7. Ол үнемі телеграмманы Алматыда жүрген маған, өз елінде жүрген саған да жазып отырады [5].

Сын есімге тән антонимдер:

1. Төрт жыл соғысқа қатысып, жаман не жақсыны көп көргенімнен бе, кім біледі, енді мен қыздардың желкелеріне қызыға қарауға жарадым [5].

Бұл тарапта автор төрт жыл бойы сұрапыл соғысты басынан кешірген солдат студенттің ішкі жан дүниесін сын есімге тән «жаман-жақсы» антонимдері арқылы сипаттап бере

білген. Мағына жағынан бір-біріне кереғар бұл сөздердің бірі адамның көңіл-күйін, қуанышты сәтін білдірсе, енді бірі кейіпкердің соғыстан кейінгі кездегі бейбіт өмірдегі ішкі жан дүниесін білдіреді. Мұндай антонимдердің көмегімен автор көрермендеріне айтар ойын тиянақты сипаттай алған.

2. Майданда кіші сержант, үлкен сержант жайлы оның хабары бар ма хабары жоқ па екені маған белгісіз [5].

3. Үлкен де емес, кіші де емес дөңгелек қап-қара көздер «тергеуші» қыздың көзіндей өтірік күлімдемей, өзгеше бір пәк, таза көзқараспен жаудырай қарайды [5]. Сын есімнен келген антонимдерді қолдана білу жағынан автор майталман жазушы. Өзінің шығармасында антонимдерді пайдаланғанда айқын әрі көрерменге түсінікті тілде жеткізе білген. Соның ішінде «үлкен-кіші» антонимі. Үлкен бұл-зор, алып мағынасында жұмсалып тұрған антоним сөз. Ал оның кереғар мағынасы, кіші – сөзі тұрғысынан қолданып кейіпкердің бейнесін суреттеу ұғымы түрінде білдірген. Жазушы бұл антонимдерді қолдану арқылы шығарма желісіне ерекше реңк беріп, көркейте түскен.

4. Оң қолымен тездетіп конспект жазып отырған қыз жаңағы жұдырығын дәптер шетінде кішкене ұстап, мен көріп қоймасын деп талпынып, сол қолын асықпай тартып алып, төменге қарай түсірді [5].

5. Жаманның білімі артынан түседі дегендей осы сияқты жақсы ойлар маған үнемі кейіннен келеді [5].

#### **Етістікке тән антонимдер:**

1. Майдандағы жігіттерді бір кезде болаттай қатайтып, бір кезде лезде ерітіп жіберетін сендер едіңдер ғой, сендердің керемет хаттарың еді, қыздар [5]. Жазушы қыз баланың майдандағы ер жігіттерге жазатын хаттың адамның жан дүниесін нұрға бөлейтін құдіретті сөздерін айта отырып, «ерітіп» деген етістікке тән антонимнің көмегімен ұтымды жеткізеді. Автор бір ғана хаттың ер адамға сыйлар эмоциялық әсерін екі антоним сөздерді қолдану арқылы, сөйлемнің мағынасын арттыра түскен. Етістікке тән бұл антоним сөздер жазушы стилінің ерекше реңкін береді.

2. Бұнысы Ментай қыздың мына мені жазғырғаны ма, не болмаса жақтағаны ма - көңіл аудармадым [5].

Автор өзінің шығармасында кереғар ұғымды сөздерді пайдаланып, оның тек сапасын, мөлшерін, заттық мәнін қолданып қана қоймай, сондай-ақ іс-қимылын суреттеуді де ұмытқан емес. Осы сөйлемде қолданылған антонимдер жеке тұрғанда белгілі бір мән, айқын ой беріп тұрған жоқ. Ал антоним түрінде шығарма желісінде экспрессивті мәнге ие болуда. Жазушы қыз баланың әрекетінен белгісіздікті көрсету үшін «жақтағаны» және «жазғырғаны» етістікке тән антонимдерді орынды пайдалана білген. Осы арқылы оқырманның өзіне Ментайдың әрекеті расымен қандай болғаны туралы ой тастайды.

#### **4. Қорытынды**

Қорыта келгенде, ғылыми мақала Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романындағы антонимдердің қолданыс ерекшелігін анықтауға арналған. Антоним дегеніміз – мағыналары бір-біріне кереғар сөздер болып келеді. Антоним сөздердің ерекшелігі кереғар мәнде болғанымен, сөйлем ішінде біртұтас мағынаны білдіреді. Жазушы шығарма жазу барысында, оқырмандарға ерекше әсер қалдыру мақсатында, әрбір сөйлемге экспрессивтік-эмоционалдық мән бере, қолдана отырып жазған. Сондай-ақ, антонимдерді ұтымды пайдалану арқылы шығарма тілін одан сайын байыта түскен. Оған мысал, мақаламыздағы майталман жазушы Әзілхан Нұршайықов шығарма желісін одай сайын тереңдету үшін антонимдерді шебер қолдана білген. Романды талдау барысында 39 антоним табылып, 24 антоним талдауға түсті. Зат есімге тән антонимдер – 10, сын есімге тән антонимдер – 5, үстеуге тән антонимдер – 7, етістікке тән антонимдер – 2. Соның ішінде «күндіз-түні» антонимі – 2 рет, «жақсы-жаман» антонимі – 2 рет, «әке-шеше» антонимі – 2 рет, «үлкен-кіші» антонимі – 2 рет, «іші-сырты» антонимі – 2 рет қолданылған.

**Әдебиеттер тізімі**

Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы: Оқулық / Алматы, – 2006. – 256 б.

Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі / Алматы: мектеп, – 1984. – 176 б.

Асқар Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі қарама-қарсылықтың коннекторлары / Астана, – 2004, – 29 б.

Есіркепова К.Қ. 1960-1980 жылдардағы әйел-ақындар поэзиясының тілі (Ф.Оңғарсынова, М.Айтқожина, А.Бақтыгереева, К.Ахметова шығармалары негізінде) / Қостанай, – 2010. – 153 б.

Нұршайықов Ә. «Махаббат, қызық мол жылдар», – 2002.

**ЕСІРКЕПОВА, К.К., КАНАПИНА, С.Г., БЕКЕТАЕВА, А.А., КЕНЖЕБАЙ, Л.А., МИРАНБЕК, Д.Д., ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ АНТОНИМОВ В РОМАНЕ АЗИЛЬХАН НУРШАЙКОВА «МАХАББАТ, КЫЗЫК МОЛ ЖЫЛДАР»**

*В статье анализируется этимология антонимов, дается ссылка на высказывания ученых-исследователей. Также рассматривается стилистическая функция антонимов в романе Азильхана Нуршаикова «Махаббат, кызык мол жылдар».*

**Ключевые слова:** антоним, антонимы присущие существительному, противоположность, стиль, значение.

**ESIRKEPOVA, K.K., KANAPINA, S.G., BEKETAEVA, A.A., KENZHEBAY, L.A., MIRANBEK, D.D., FEATURES OF THE USE OF ANTONYMS IN THE NOVEL «MAHABBAT, KYZYK MOL ZHYLDAR» BY AZILKHAN NURSHAIKOVA**

*The article analyzes the etymology of antonyms, there is a link to the publication of scientific researchers. Also considered is the stylistic function of antonyms in the novel Azilkhan Nurshaikova «Mahabbat, kzyyk mol zhyldar».*

**Key words:** antonym, antonyms inherent in the noun, opposite, style, meaning.

**ӘОЖ 8.81****Қанапина, С.Ғ.,**

*филология ғылымдарының кандидаты,  
тіл және әдебиет кафедрасының  
қауымдастырылған профессоры*

**Наби, Т.Б.,**

*Қазақ тілі мен әдебиеті  
оқу бағдарламасының 2 курс студенті*

**Жетписбай, С.Б.,**

*Қазақ тілі мен әдебиеті  
оқу бағдарламасының 2 курс студенті*

**Қабдрахим, Ұ.Қ.,**

*Қазақ тілі мен әдебиеті  
оқу бағдарламасының 2 курс студенті  
А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ  
Қостанай, Қазақстан*

**ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВТЫҢ «ҚАРТҚОЖА» РОМАНЫ ТІЛІНДЕГІ  
МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ**

**Түйін**

*Қазақ ауыз әдебиетінің гасырлар бойы халықпен бірге өмір сүріп, атадан балаға мұра болып келе жатқан бай саласының бірі – қазақтың мақал-мәтелдері. Берілген мақала Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа» романындағы мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипатын зерттеуге арналған.*

**Кілт сөздер:** мақал-мәтел, этнолингвистика, даналық ой, рухани қазына, әдеби мұра.